

**NEWS**

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN  
**SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES**

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 263 – 265

## **ETHNODESIGNER ART OF CERAMIC MASTER ABAI RYSBEKOV**

**K. Yeralin, B. Kozhamkulova, N. Isaeva**

A. Yesevi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan  
 E-mail: balnur.91@mail.ru

**Key words:** pottery, ceramics, stages of creativity.

**Abstract.** In this article the pottery designer Abay Rysbekov's art is regarded and full information about the revival of ceramic handicraft in the A.Rysbekov ceramic center in South Kazakhstan region of the city of Turkestan.

Thus, the teacher of the above mentioned center, that is, ceramic – craft school, is a master and a member of the community of the Republic of Kazakhstan, a participant of art exhibitions and a winner. In 2014 he participated at the world exhibition in Paris among the masters craftsmen. And also he received awards and certificates of master in art needlework in Kazakhstan among the cities of Astana, Almaty, Shymkent, Taraz, Kyzylorda, Aktobe.

A. Rysbekov worked with needlework crafts and explored the creative work of ancient ceramic samples. The famous master of Kazakhstan A.Rysbekov with art - creative works, brings students into artistic aesthetic knowledge.

Special directions of artistic ceramic processing industry and developing new technology and continuing national art custom ceramic crafts are examined.

УДК 738.6

## **ҚЫШ ӨНДЕУ ШЕБЕРІ АБАЙ РЫСБЕКОВТЫҢ ЭТНОДИЗАЙНДЫҚ ШЫГАРМАШЫЛЫҒЫ**

**Қ. Ералин, Б. Қожамқұлова, Н. Исаева**

А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрк университеті, Түркістан, Қазақстан

**Тірек сөздер:** қыш бұйымдары, қыш өндеу өнері, шығармашылық кезеңдері.

**Аннотация.** Мақалада қыш өндеумен айналысатын қолөнер шебері өмірі мен шығармашылығы туралы өнертаннымдық мәліметтер берілген. А. Рысбеков Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласында қолөнер орталығында қыш өндеу шығармашылығымен айналысады. Сонымен катар, осы орталықтағы қолөнер мектебінде қыш өндеу сыныбында дәріс береді. Шебер Қазақстан Республикасы қолөнер шеберлері одағының мүшесі, Халықаралық Респубблекалық көрмелерге катысып, шығармалары өнер конкурстарында жүлделі орын алған. 2014 жылы Париж қаласындағы әлемдік қолөнер шеберлерінің көрмесіне катысқан. Сонымен катар, шебердің жасаған бұйымдары Қазақстандағы Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Қызылорда, Ақтөбе қалаларындағы өткен көрмелерге катысып сертификаттар алған. А.Рысбеков шығармашылық жұмыспен катар қыш өнерінің көне үлгілерін зерттеумен айналысады. Қазақстанға белгілі шебер А. Рысбеков шығармашылық жұмыспен катар шәкірттерге көркемдік білім мен эстетикалық тәрбие береді. Қыш өндеу шеберінің өнердегі жеке-дара бағыты ұлттық қыш өнері көркем дәстүрлерін жаңа өнердегі технологияларменен байыта отырып жалғасыру болып табылады.

Қолөнер шебері Абай Рысбеков өмірі мен шығармаларын зеттеуде шебердің өнерін еліміздегі қыш өнерінің дамуынан бөліп қарасты болмайды. Абай Рысбеков қыш өнерін зерттеуге ерекше көніл бөлген. Ол «Қыш бұйымдары еліміз аумағында заманымыздан бұрынғы XVII–XV ғасырлардан бастап өзіндік әдіспен дамыған. Осы кезеңде комша, текемет өрнектерінде ұқсас белгілер салынған ыдыстар күнделікті өмірде орын алған. Жыл санауымызға дейінгі X–VI ғасырларда Бегазы – Дәндібай мәденистіне тән түрлі түсті айшықтары бар ыдыстар пайда болған.VI–XII ға-

сырларда қыш ыдыстар жасайтын орындар ежелгі Шаш, Тараз, Сауран, т.б. қалаларда көбейе бастаган. Сонымен бірге астық сақтайтын хұмдар, су құбырлары жасалған. Археологтармен тығыз байланыста болған қыш шеберінің өткеннен көріп түйгендері аз емес. Саз балшық арқылы тұрмысқа қажетті бұйымдар дайындаудан тыс музыкалық аспаптар жасау үрдісі де сол кезеңдерде қалыптасқан. Демек аталған өнердің өрісі біздін далала да қанатын барынша көнге жайған. Мәселен, кеменгер бабаларымыз саз сырнайға сайын сахараның сазды әуенін сиғыза білген» деп өнертаннымдық тұжырымдар жасаған.

Еліміз мұражайларында заманымызға дейінгі I–III ғасырларға тиеселі ыдыстар, тосталған, құмыралар, саптаяқ, тегенелер бар, сонымен қатар X–XII ғасырлар мөлшеріндегі қыш құбырлардың қазбаларын да байқауға болады. Бүгінгі ұлт жанашыры болған қыш шеберлерінің жүреқжарды арман, мұраттары халық мұрасын ұрпақ санасында жаңғыртуға бағытталған. Қыш ісі – адамдар мыңдаған жылдар бойы айналысып келген өте көне өнердің түрі. Қыш құюшылардың өнімдері танымалдылығымен ерекшеленеді. Қазіргі кезде күнделікті тіршілікте әр адам табиғи ыдыс пайдаланғысы келеді. Түрлі құмыралар, сазбалшықтан жасалған кәдесыйлар ерекше көз тартады. Қыш ісімен айналысатын шеберлер бүгінгі күні көп емес, алайда өнімге деген сұраныс жыл сайын артып келеді. Себебі, сазбалшық денсаулыққа пайдалы. Осыған қарай бұл өнер түріне қызығатындар жыл сайын көбесу үтсінде. Болашақта бұл сала бойынша бәсекелестердің пайда болуы әбден мүмкін. Себебі қазіргі жоғары сапалы қыш бұйымдар, ұлттық стиЛЬ, бұйым жарнамасы сауданы өрге бастыруда [1].

Көне заманнан ата-бабаларымыздан бізге мұра болып келе жатқан колөнердің бір түрі қыш өндеу. Оны зерттеп дамытып келе жатқан өнер шебері, суретші, керамист Абай Рысбеков. Ол 1961 жылы 3 ақпан күні Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан ауданы Майдамтал елді мекенінде туып өсken. Мектепке жеті жасынан бастап барып, 1978 жылы Майдамталда орта мектепті бітірген. Одан кейін оқуын жалғастыру үшін 1979 жылы Алматыдағы көркем сурет училищесіне түсіп 1985 жылы училищені бітіреді. Абай Рысбеков 1985–1986 жылдары Түркістанға келіп қайта жаңғырту шеберханасында керамист болып жұмыс істейді. Сол жылдар Абай Рысбековтің шығармашылық жұмысының бастауы болады. Қазір Түркістан қаласындағы Қолөнер орталығында суретші, балалар қолөнер мектебінде ұстаз қызметін атқаруда. Абай Рысбековтың негізгі мақсаты қазақ халқының керамикасын жаңғырту. Оның ең алғашқы мақсаты құмыраларды жасап қана қоймай ол сол құмыралардың тарихын зерттеу болған. Абай Рысбековтың алғашқы зерттегені IX–X ғасырлардағы Отырар қыш құмыралары. Абай Рысбеков осы аталған кезеңді қыш құмыра өнерінің ең дамыған кезеңі деп есептейді және өзінің зерттеулерінде бұған көз жеткізіп дәлелдейді.

Абай Рысбеков IX–X ғасырлардағы Отырар қыш құмыраларын зерттей келе, елімізде қазіргі кезде үзіліп бара жатқан бұл қол өнерін қайта жаңғырту оны алда кележатқан ұрпаққа сол қалпын бұздырмай жеткізу оның қазіргі кездегі алға қойған мақсаты. Рысбеков 1995 жылдан бастап Қазақстан Республикасының суретшілер одағының мүшесі. 2012 жылдан бастап Қазақстан Республикасының қолөнершілер одағының мүшесі болып есептелінеді. А.Рысбеков мырзаның осы атактарға қол жеткізуінің бірден бір сырьы оның еңбеккорлығы мен ізденісі және де өзінің ерекше таланттылығы болып табылады [2, 3].

Абай Рысбековтың қыш өнері бойынша көптеген көрмелерге, фестивалдарға қатысып жүлдеп орын алған. Абай Рысбековтың ең алғашқы қатысқан фестивалы «Жігер» фестивалы. Бұл КСРО-ның кезінде болған фестивал. Ол туризм саласынан болған түрлі көрмелерге, жәрменкелерге қатысып тұрады және сол көрмелерде өзінің шеберлігін шеберлік сынныбы формасында көшілікке көрсетеді. Шебер 2001 жылы Қазақстанның 20 жылдығына байланысты Франция еліне барып қолөнер көрмесінде қатысқан. 2014 жылы Парижге барып сол жерде көптеген қол өнер шеберлерімен бірге өнер көрсетті. Абай Рысбеков Париж қаласына өз қолымен істеген станогын апарып сол жерде өз қолымен дүлей жүртқа саз балшықтан құмыраның қалай жасалуын шебер класын көрсетіп өз шеберлігін халыққа көрсетті. Абай Рысбеков Парижге өзімен бірге барған қол өнер шеберлерімен сол қала тұрғындарына есте қаларлықтай кішігірім көрме ұйымдастырған. Ол Астана қаласының жыл сайын өтетін тойлау рәсіміне қатарынан алты жыл қатысып жүлдеп орындарды иелену үтсінде. Егемендігіміздің 20 жылдығына орай өткізілген іс - шарада Абай Рысбеков өзінің шеберлігімен ел арасында ерекшеленіп медальмен марапатталған. Әр адамның еңбек жолында өзіндік бір ұстанар жолы стилі болады. Абай мырзаның еңбектері тереккота стилінде десек болады.

Терекота – дегеніміз күйген қыш ыдыстар. Олардың сыртында глазировка болмайды ол тек қана штамп және тырналау әдісімен жасалады. Ол осы әдіспен негізінен балбал тас, сазсырнай, түйелер, сювинерлер жасайды. Абай Рысбековтың осы шығармашылық жұмыспен айналысқанына отыз жылдан асты. Оның жеке өзі тәрбиелейтін шәкірттері Ақтау, Ақтөбе, Шымкент Қызылорда қалаларында шығармашылықпен айналысады [4, 5].

Абай Рысбеков бізге берген сұхбатында «Халықтың қасиетіміздің бір парасы болған қыш өнерінің өркен жаяр өрісі кең, өрелі ұрпақтың еншісіне қалған «асыл қазынамыздың» арнасы құрғамасын. Біздің мына құмыра өнері кешегі кеңес заманында үзіліп қалғандай болды, соны қайта тірілтсек, мәселен, бізде Отырар құмыралары, Тараз, Сауран құмыралары деген мектептер ашып оны дамытып жатсақ, қыш өнері ары қарай өсетін еді, мынау халқымыздың дүниелері деп қарайтын дәрежеге жеткен кезде біздің де арманымыз орындалатын шығар» деп ойын білдірді. Қыш шебері еліміздің әр өнірінде шеберлік сабактарын үзбей өткізіп, ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап келеді, ол байырғы қаланың бүгінгі перзенттерінен үлкен үміт күтеді [6, 7].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе айттар болсақ қыш ісі –мындаған жылдар бойы халықтың айналысып келген өте көне өнердің түрі. Абай Рысбеков жасаған қыш өнімдері көп-қырлы танымалдылығымен ерекшеленеді. Түрлі құмыралар, сазбалышықтан жасалған кәдесийлар оның шығармашылығында ерекше тартымды көрінеді. Бүгінгі таңда ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қыш өнерін келер ұрпаққа сол қалпында жеткізу Абай Рысбековтің басты мақсаты болып табылады. Қорыта айтқанда Абай Рысбековті бабалар өнерін жалғастыруши, суретші, қыш өнерін зерттеуші, ұлағатты ұстаз ретінде тануымызға болады.

## ӘДЕБІЕТ

- [1] Маргулан.Ә.Х. Казахское народное прикладное искусство. – Т. 1. – Алматы, 1986. – С. 268.
- [2] Ералин Қ.Е. Қазақстан бейнелеу өнері шеберлері. – Алматы: М. Талант, 1999. – 120 с.
- [3] Ералин Қ.Е. Қазақстан бейнелеу өнері. Оқу құралы. – Туркестан: А. Ясави университеті, 2009. – 220 с.
- [4] Әміргазин Қ.Ж. Қазақ халқының қолөнері (Темір). – Алматы: Сорос Казахстан, 1994. – С. 120.
- [5] Ералин Қ.Е.Э тнодизайн.Оқу құралы. – Туркестан: А. Ясави атын. ХҚТУ, 2014. – 203 б.
- [6] Крюкова И.А. Русская скульптура малых форм. – М.: Наука, 1969. – С. 167.
- [7] Кемешов Д.А. Керамика. – Шымкент: ШПИ, 1994. – 97 б.

## REFERENCES

- [1] Margulan A.H. Kazakh folk applied art. Vol. 1. Almaty, 1986. P. 268.
- [2] Yeralin K.Ye. Artists of fine art of Kazakhstan. Almaty: M. Talant, 1999. P.120.
- [3] Yeralin K. Ye. Fine art of Kazakhstan. Train aid. Turkestan: A. Yasawi International Kazakh-Turkish University, 2009. P. 220.
- [4] Amirgazin K.ZH. Folk art of Kazakhs. Almaty: Soros Kazakhstan, 1994. P. 120.
- [5] Yeralin, K. Ye. Ethnodesign. Train aid. Turkestan: A. Yasawi International Kazakh-Turkish University, 2014. P. 203.
- [6] Kryukova I.A. Russian sculpture of small forms. – M.: Science, 1969. – P. 167.
- [7] Kemeshov D.A. Ceramics. Shymkent: ShPC, 1994. P. 97.

## ЭТНОДИЗАЙНЕРСКОЕ ТВОРЧЕСТВО МАСТЕРА ПО КЕРАМИКЕ АБАЯ РЫСБЕКОВА

**К. Ералин, Б. Кожамкулова, Н. Исаева**

Международный казахско-турецкий университет им. А. Ясави, Туркестан, Казахстан

**Ключевые слова:** керамические изделия, искусство керамики, этапы творчества.

**Аннотация.** В этой статье рассмотрена творчество художника керамиста Абая Рысбекова, а также даны полные информации о возрождении керамической ремесленной керамического центра в творчествах художника А. Рысбекова в Южно -Казахстанской области города Туркестан. Таким образом, преподаватель вышеназванного центра, то есть керамической -ремесленной школы – мастер и член сообщества Республики Казахстана, участник художественных выставок и призер первого места. В 2014 году участвовал на мировой выставке в Париже среди мастеров-ремесленников. А также получил награду и сертификаты по художественной рукоделии мастера по Казахстану среди городов Астана, Алматы, Шымкент, Тараз, Кызылорда, Актобе. А. Рысбеков занимался ремеслом по керамике, исследовал творческие работы древних образцов керамики. Знаменитый мастер Казахстана А.Рысбеков своими художественно – творческими работами воспитывает у учащихся художественно- эстетический вкус, учит их практически. Рассмотрены специальные направления художественной переработки керамической отрасли и развитие новых технологий искусства и продолжение национальных обычаяев керамического ремесла.

Поступила 27.01.2015г.